

Целиноград аудандық мәслихатының 2024 жылғы 25 желтоқсандағы № 290/36-8 "2025-2027 жылдарға арналған Мәншүк Мәметова ауылының бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 2025 жылғы 20 қазандағы № 389/50-8 шешімі

Целиноград аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Целиноград аудандық мәслихатының "2025-2027 жылдарға арналған Мәншүк Мәметова ауылының бюджеті туралы" 2024 жылғы 25 желтоқсандағы № 290/36-8 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 205880 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 7-бабы 1-тармағы 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағы 1) тармақшасына сәйкес Целиноград аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:";

1 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2025-2027 жылдарға арналған Мәншүк Мәметова ауылының бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2025 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 45 375,1 мың теңге, соның ішінде:

салықтық түсімдер – 4 005,0 мың теңге;

трансферттердің түсімдері – 41 370,1 мың теңге;

2) шығындар – 60 376,1 мың теңге;

3) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0,0 мың теңге;

4) бюджет тапшылығы (профициті) – -15 001,0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 15 001,0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 15 001,0 мың теңге.";

көрсетілген шешімнің 1, 4-қосымшалары осы шешімнің 1, 2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Целиноград аудандық мәслихатының төрағасы

Л.Конарбаева

"КЕЛІСІЛДІ"

Целиноград ауданының әкімі

Д.Сабырғали

2025 жылғы 20 қазан

"Целиноград ауданының
экономика және қаржы бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің
басшысының міндетін атқарушы

А. Беркеева

2025 жылғы 20 қазан

Целиноград аудандық
мәслихатының
2025 жылғы 20 қазандағы
№ 389/50-8 шешіміне
1-қосымша
Целиноград аудандық
мәслихатының
2024 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 290/36-8 шешіміне
1-қосымша

Мәншүк Мәметова ауылының 2025 жылға арналған бюджеті

Санаты				Сома, мың теңге
	Сыныбы			
		Кіші сыныбы		
			Атауы	
1	2	3	4	5
			I. Кірістер	45 375,1
1			Салықтық түсімдер	4 005,0
	01		Табыс салығы	900,0
		2	Жеке табыс салығы	900,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	2 105,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	55,0
		3	Жер салығы	50,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1 950,0
		5	Бірыңғай жер салығы	50,0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	1 000,0
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	1 000,0
4			Трансферттердің түсімдері	41 370,1

	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	41 370,1
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	41 370,1

Функционалдық топ				Сума, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама		
			Атауы	
1	2	3	4	5
			II. Шығындар	60 376,1
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	29 875,1
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	29 875,1
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	29 175,1
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	700,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	27 500,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	27 500,0
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	2 500,0
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	25 000,0

12			Көлік және коммуникация	3 000,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	3 000,0
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	3 000,0
15			Трансферттер	1,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	1,0
		048	Пайдаланылмаған (то л ы қ пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	1,0
			III. Таза бюджеттік кредиттеу	0,0
			IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0,0
			V. Бюджет тапшылығы (- 15 001,0 профициті)	
			VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (15 001,0 профицитін пайдалану)	
8			Б ю д ж е т қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	15 001,0
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	15 001,0
		1	Б ю д ж е т қаражатының бос қалдықтары	15 001,0

Целиноград аудандық
мәслихатының
2025 жылғы 20 қазандағы
№ 389/50-8 шешіміне
2-қосымша
Целиноград аудандық
мәслихатының
2024 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 290/36-8 шешіміне
4-қосымша

2025 жылға арналған аудандық бюджеттен нысаналы трансферттер

Атауы	Сума, мың тенге
1	2
Барлығы, оның ішінде:	41 370,1
Ағымдағы нысаналы трансферттер, оның ішінде:	41 370,1
ауыл, ауылдық округ әкімі аппараттарының ағымдағы ұстауына	25 170,1
елді мекендердің көшелерін жарықтандыруға	2 500,0
жолдарды күтіп ұстауға	3 000,0
елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	10 000,0